## "Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар бланкілерінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2010 жылғы 21 мамырдағы № 83 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 81 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 2 сәуірде № 7512 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 6 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 09.01.2015 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар бланкілерінің нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 21 мамырдағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 2010 жылғы 24 маусымда № 6310 болып енгізілді, « Казахстанская правда» газетінде 2011 жылғы 14 тамызда № 215-216 (26276-26277) жарияланды) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «СТ-1» нысанының тауардың шығу тегі туралы сертификат бланкісінің нысанын;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «А» нысанының тауардың шығу тегі туралы сертификат бланкісінің нысанын;

3) осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес «Түпнұсқа» нысанының тауардың шығу тегі туралы сертификат;

4) осы бұйрыққа 5 және 6-қосымшаларға сәйкес «СТ-2» нысанды тауардың шығу тегі туралы сертификат бланкісінің нысанын.»;

осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшыларға сәйкес 5 және 6-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар

министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Р. Сәтбаев) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) мемлекеттік тіркеуден кейін бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Қ.А. Тулеушинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә. Исекешев*

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 81 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар Министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 21 мамырдағы № 83 бұйрығына 5-қосымша

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Жүк жөнелтуші/экспорттаушы (атауы және почталық мекенжайы) | | | 4. № <br>Тауардың шығуы туралы сертификат<br>СТ-2 нысаны | | |
| 2. Жүк алушы/импорттаушы (атауы және почталық мекенжайы) | | | ____________________ берілді<br>(елдің атауы)<br>__________ жеткізіп беру үшін<br>(елдің атауы) | | |
| 3. Тасымалдау көлігі және жүру бағыты | | | 5. Қызметтік ескертулер үшін: | | |
| 6. № | 7. Орындар саны және орау түрі | 8. Тауардың сипаттамасы | 9. Шығу тегінің өлшемдері | 10. Тауар саны | 11. Шот-фактураның нөмірі мен күні |
| 12. Куәлік:<br>Өтініш берушінің декларациясы шындыққа сәйкес келуіне жүргізілген бақылау негізінде осы құжат | | | 13. Өтініш берушінің декларациясы: Төменде қол қоюшылар жоғарыда көрсетілген мәліметтер шындыққа сәйкес келетініне, барлық тауарлар толығымен ______________ өндірілгеніне (елдің атауы)<br>және жеткілікті өңдеуден өткеніне және олардың барлығы да осындай тауарларға қатысты бекітілген | | |

| | |
|---|---|
| бойынша куәландырады<br>------------------------------<br>қолы күні мөрі | шығару талаптарына сәйкес екендігіне кепіл болады<br>----------------------------<br>қолы күні мөрі |

Ескерту: тауардың шығу тегі туралы сертификат бланкісі:
- 210 х 297 мм өлшемді болуы тиіс, сонымен бірге ұзындығы бойынша ауытқу үлкен жағына 5 мм немесе кіші жағына 8 мм болуы мүмкін;
- механикалық немесе химиялық тәсілдермен кез-келген қолдан жасалуды көзбен анықтауға мүмкіндік беретін сары түспен басылған гильотировка болуы тиіс.

| СТ-2 нысаны тауардың шығуы туралы № _____ СЕРТИФИКАТТЫҢ ҚОСЫМША ПАРАҒЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6. № | 7. Орындар саны және орау түрі | 8. Тауардың сипаттамасы | 9. Шығу тегінің өлшемдері | 10. Тауар саны | 11. Шот-фактураның нөмірі мен күні |
| 12. Куәлік: Өтініш берушінің декларациясы шындыққа сәйкес келуіне жүргізілген бақылау негізінде осы құжат бойынша куәландырады<br>------------------------------<br>қолы күні мөрі | | | 13. Өтініш берушінің декларациясы: Төменде қол қоюшылар жоғарыда көрсетілген мәліметтер шындыққа сәйкес келетініне, барлық тауарлар толығымен ____________ өндірілгеніне (елдің атауы) және жеткілікті өңдеуден өткеніне және олардың барлығы да осындай тауарларға қатысты бекітілген шығару талаптарына сәйкес екендігіне кепіл болады<br>----------------------------------<br>қолы күні мөрі | | |

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрінің
2012 жылғы 13 наурыздағы
№ 81 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар
Министрінің міндетін атқарушының
2010 жылғы 21 мамырдағы
№ 83 бұйрығына
6-қосымша

| | |
|---|---|
| 1. Consignor/exporter (nameandaddress) | 4. №<br>CERTIFICATE OF ORIGIN OF GOODS<br>ST-2 FORM |
| 2. Consignee/importer<br>(name and address) | Issued in<br>(Name of the country) For submitting in<br>(Name of the country) |
| 3. Means of transport and itinerary (as far as is known) | 5. For official use/notes only |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| 6. № | 7. Number of pieces of goods and type of packing | 8. Descriptionofgoods | 9. Criteriaoforigin | 10. Quantityofgoods | 11. Invoicenumberanddate |
|---|---|---|---|---|---|
| 12. Certification This is to certify.on the basis of implemented control, that the information contained in the Declaration of the applicant is true ---------------------------- Signature Date Seal | | | 13. Declaration of the applicant The undersigned states that the above- mentioned information is true and that all goods have been completely produced or reprocessed well enough in ______________________________ (Name of the country) and that the goods meet the requirements of origin prescribed for such goods. --------------------------------- Signature Date Seal | | |

Ескерту:

Тауарлардың шығу тегі туралы сертификат бланкісі:

- 210 х 297 мм өлшемді болуы тиіс, сонымен бірге ұзындығы бойынша ауытқу үлкен жағына 5 мм немесе кіші жағына 8 мм болуы мүмкін;
- механикалық немесе химиялық тәсілдермен кез-келген қолдан жасалуды көзбен анықтауға мүмкіндік беретін сары түспен басылған гильотировка болуы тиіс.

| EXTRA SHEET OF CERTIFICATE № ___________ OF ORIGIN OF GOODS. ST-2 FORM | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6. № | 7. Number of pieces of goods and type of packing | 8. Descriptionofgoods | 9. Criteriaoforigin | 10. Quantityofgoods | 11. Invoicenumberanddate |
| 12. Certification This is to certify,on the basis of implemented control, that the information contained in the Declaration of the applicant is true -------------------------- Signature Date Seal | | | 13. Declaration of the applicant The undersigned states that the above- mentioned information is true and that all goods have been completely produced or reprocessed well enough in ______________________________ (Name of the country) and that the goods meet the requirements of origin prescribed for such goods. -------------------------------- Signature Date Seal | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК